

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мысыр Араб Республикасының Үкіметі арасындағы табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды жою және салық салуды болдырмау мен одан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 сәуірдегі № 333 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мысыр Араб Республикасының Үкіметі арасындағы табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды жою және салық салуды болдырмау мен одан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияның жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Мәди Төкешұлы Такиевке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мысыр Араб Республикасының Үкіметі арасындағы табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды жою және салық салуды болдырмау мен одан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 28.05.2025 № 382 қаулысымен.**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

O. Бектенов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2024 жылғы 24 сәуірдегі  
№ 333 қаулысымен  
мақұлданған  
Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мысыр Араб Республикасының Үкіметі арасындағы табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды жою және салық салуды болдырмау мен одан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мысыр Араб Республикасының Үкіметі өздерінің экономикалық қатынастарын одан әрі дамытуға және салық мәселелерінде ынтымақтастықты нығайтуға ниет білдіре отырып,

салық төлеуді болдырмау немесе одан жалтару арқылы (оның ішінде үшінші елдердің резиденттерінің жанама пайдасы үшін осы Конвенцияда көзделген

женілдіктерді алуға бағытталған уағдаластықтарды пайдалану арқылы) салық салмауға немесе төмендетілген салық салуға мүмкіндіктерді жасамай, осы Конвенциямен қамтылған салықтарға қатысты қосарланған салық салуды жоюға ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

## **1-бап**

### **Конвенция қолданылатын тұлғалар**

Осы Конвенция Уағдаласуышы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

## **2-бап**

### **Конвенция қолданылатын салықтар**

1. Осы Конвенция алыну әдістеріне қарамастан, Уағдаласуышы Мемлекеттің немесе оның саяси, немесе әкімшілік бөлімшелерінің немесе жергілікті билік органдарының атынан алынатын табыстарға салынатын салықтарға қолданылады.

2. Жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін қызметақының немесе жалақының жалпы сомасына салынатын салықтарды, сондай-ақ капитал құнының өсіміне салынатын салықтарды қоса алғанда, табыстың жалпы сомасынан немесе табыстың жекелеген элементтерінен алынатын барлық салықтар табысқа салынатын салықтар болып есептеледі.

3. Мыналар:

a) Қазақстан Республикасында:

- (i) корпоративтік табыс салығы;
  - (ii) жеке табыс салығы;
- (бұдан әрі "Қазақстан салығы" деп аталады);

b) Мысыр Араб Республикасында:

(i) жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салық, оның ішінде:

1. жалақы мен қызметақыдан түсетін табыс;
  2. коммерциялық және өнеркәсіптік қызметтен түсетін табыс;
  3. кәсіптік қызметтен түсетін табыс (тәуелсіз дербес көрсетілетін қызметтер);
  4. жылжымайтын мүліктен алынған табыс;
- (ii) занды тұлғалардың пайдасына салынатын салық;
  - (iii) төлем көзінен ұсталған салық;

(iv) жоғарыда көрсетілген салықтардан пайызben немесе өзгеше түрде алынатын қосымша салықтар;

(бұдан әрі "Мысыр салығы" деп аталады) осы Конвенция қолданылатын қолданыстағы салықтар болып табылады.

4. Осы Конвенцияға қол қойылған күннен кейін қосымша немесе қолданыстағы салықтардың орнына алынатын кез келген бірдей немесе мәні бойынша ұқсас салықтарға да осы Конвенция қолданылады. Уағдаласуышы Мемлекеттердің құзыретті

органдары өздерінің салық салуға қатысты заңнамаларында болатын кез келген елеулі өзгерістер туралы бірін-бірі хабардар етеді.

### 3-бап

#### Жалпы анықтамалар

1. Егер мәнмәтіннен өзгеше туындаласа, осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

а) "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынасында пайдаланған кезде өзінің мемлекеттік егемендігі қолданылатын құрлықты, суды, жер қойнауын, әуе кеңістігін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы шегіндегі аумақ, сондай-ақ өзінің ұлттық заңнамасына және халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан Республикасы егеменді құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын немесе кейіннен жүзеге асыра алатын мемлекеттік шекарадан тыс кез келген аймақ ретінде айқындалады;

б) "Мысыр" термині Мысыр Араб Республикасының аумағын білдіреді және географиялық мағынасында пайдаланған кезде аумақтық суларды және Мысыр оларға қатысты Мысыр заңнамасына сәйкес егеменді құқықтарды жүзеге асыратын және халықаралық заңнамасымен теңіз түбіне, жер қойнауына және олардың табиғи ресурстарына қатысты айқындалатын немесе Мысыр заңнамасы негізінде кейіннен айқындалатын аумақтық сулардан тыс жағалауға жанасатын кез келген аумақты қамтиды;

с) "Уағдаласушы мемлекет" және "екінші Уағдаласушы мемлекет" терминдері мәнмәтінге байланысты Мысыр Араб Республикасын немесе Қазақстан Республикасын білдіреді;

д) "тұлға" термині жеке тұлғаны, компанияны және кез келген басқа тұлғалар бірлестігін білдіреді;

е) "компания" термині кез келген корпоративтік құрылымды немесе салық салу мақсаттары үшін корпоративтік құрылым ретінде қарастырылатын кез келген ұйымды білдіреді;

ф) "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" және "екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

г) "салық" термині мәнмәтінге байланысты Қазақстан салығын немесе Мысыр салығын білдіреді;

х) "халықаралық тасымал" термині теңіз немесе әуе кемесі тек қана екінші Уағдаласушы Мемлекеттің пункттері арасында пайдаланылатын жағдайлардан басқа, іс жүзіндегі басқару орны Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан кәсіпорын пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен кез келген тасымалды білдіреді;

і) "құзыретті орган" термині:

(і) Қазақстан жағдайында: Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін;

- (ii) Мысыр жағдайында: Қаржы министрін немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді;
  - j) "ұлттық тұлға" термині:
- (i) Уағдаласуши Мемлекеттің азаматтығы бар кез келген жеке тұлғаны;
  - (ii) Уағдаласуши Мемлекеттің қолданыстағы заңнамасы негізінде өз мәртебесін алған кез келген заңды тұлғаны, әріптестікті немесе қауымдастықты білдіреді.

2. Уағдаласуши Мемлекет Конвенцияны кез келген уақытта қолданған кезде онда айқындалмаған кез келген термин, егер мәнмәтіннен өзгеше туындараса, осы Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты осы Уағдаласуши Мемлекеттің заңнамасы бойынша сол уақытта ол ие болған мағынаға ие болады. Осы Уағдаласуши мемлекеттің қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес кез келген мағына осы Мемлекеттің басқа заңдарына сәйкес терминге берілетін мағынадан басым болады.

#### **4-бап**

##### **Резидент**

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті" термині осы Уағдаласуши Мемлекеттің заңнамасы бойынша оның түрғылықты жері, резиденттігі, басқару орны, инкорпорация немесе тіркелген орны немесе осыған ұқсас сипаттағы кез келген басқа да өлшемшарт негізінде онда салық салынуға жататын кез келген тұлғаны білдіреді және сондай-ақ Уағдаласуши Мемлекетті және оның саяси немесе әкімшілік бөлімшесін немесе жергілікті билік органын қамтиды. Алайда, бұл термин осы Мемлекетте орналасқан көздерден алынатын табысқа қатысты ғана осы Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуға жататын кез келген тұлғаны қамтымайды.

2. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласуши Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, онда оның мәртебесі мынадай түрде айқындалады:

- a) ол өзінің иелігіндегі тұрақты тұрғын үйі орналасқан Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның иелігінде Уағдаласуши Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты тұрғын үйі болса, ол жеке және экономикалық неғұрлым тығыз қатынастары (өмірлік мұдделер орталығы) бар Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

- b) егер оның өмірлік мұдделер орталығы бар Уағдаласуши Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе оның Уағдаласуши Мемлекеттердің бір де біреуінде өзінің иелігінде тұрақты тұрғын үйі болмаса, ол әдетте өзі тұрып жатқан Уағдаласуши Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

- c) егер ол әдетте Уағдаласуши Мемлекеттердің екеуінде де тұрып жатқан болса немесе олардың ешқайсысында да тұрмаса, ол өзі азаматы болып табылатын Уағдаласуши Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

- d) егер ол екі Мемлекеттің азаматы болып табылса немесе олардың бір де біреуінің азаматы болып табылмаса, Уағдаласуши Мемлекеттердің құзыретті органдары осы мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

3. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласуши Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, Уағдаласуши Мемлекеттердің құзыретті органдары бас немесе негізгі оғистің орналасқан жерін, оның іс жүзіндегі басқару орнын, тіркелген немесе құрылған жерін және кез келген басқа да елеулі факторларды ескере отырып, осындай тұлға осы Конвенцияның мақсаттары үшін резиденті болып есептелетін Уағдаласуши Мемлекетті өзара келісім бойынша айқындауға ұмтылады. Мұндай келісім болмаған жағдайда мұндай тұлғаның осы Конвенцияда көзделген жеңілдіктерге немесе салықтардан қандай да бір босатылуына құқығы жоқ.

## 5-бап

### Тұрақты мекеме

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінана жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда, мыналарды:

- (a) басқару орнын;
- (b) бөлімшени;
- (c) кеңсені;
- (d) фабриканы;
- (e) шеберхананы;

(f) шахтаны, мұнай немесе газ ұнғымасын, карьерді немесе табиғи ресурстарды өндіретін немесе барлайтын кез келген басқа да жерді;

g) ферманы немесе плантацияны немесе орман шаруашылығын;

h) сауда орындары ретінде пайдаланылатын орынжайлар мен қоймаларды қамтиды.

3. "Тұрақты мекеме" термині сондай-ақ:

а) кез келген он екі айлық кезең ішінде алты айдан асатын кезең бойы жалғасатын құрылыш алаңын, құрылыш, монтаждау немесе құрастыру объектісін немесе осындай алаңға немесе объектіге байланысты кез келген қадағалау қызметтерді;

б) бұрғылау қондырғысы немесе кеме сияқты жабдықтарды пайдалануға (осындай жабдықты орнатуды қоса алғанда) байланысты кез келген әрекеттерді, сондай-ақ осы Мемлекетте орналасқан табиғи ресурстарды өндіруге, барлауға немесе пайдалануға байланысты Уағдаласуши Мемлекетте жүзеге асырылатын онымен байланысты қадағалау қызметтерін;

с) консультациялық қызметтер көрсетуді қоса алғанда, қызметшілер немесе осындай мақсаттар үшін кәсіпорын жалдаған басқа персонал арқылы немесе байланысты тарап арқылы кәсіпорынның көрсетілетін қызметтерін, бірақ егер осындай сипаттағы қызмет Уағдаласуши Мемлекет шегінде он екі айлық кезең ішінде жиынтығы 183 күннен асатын кезең немесе кезеңдер ішінде жалғассағана (осындай немесе оған байланысты жоба үшін), қамтиды.

4. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, "тұрақты мекеме" термині:

а) құрылыштарды қәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету мақсаттары үшін ғана пайдалануды;

б) қәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау немесе көрсету мақсаттары үшін ғана күтіп-ұстауды;

с) қәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын басқа қәсіпорынның қайта өндеу мақсаттары үшін ғана күтіп-ұстауды;

д) тұрақты қызмет орнын тауарларды немесе бұйымдарды сатып алу немесе қәсіпорынға ақпарат жинауға арналған мақсаттар үшін ғана күтіп-ұстауды;

е) тұрақты қызмет орнын қәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа да қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана күтіп-ұстауды;

ф) тұрақты қызмет орнының осындай амалдың нәтижесінде туындастын жиынтық қызметінің дайындық немесе көмекші сипаты болған жағдайда, тұрақты қызмет орнын осы тармақтың а) - е) тармақшаларында аталған қызмет түрлерінің кез келген амалын жүзеге асыру үшін күтіп-ұстауды қамтымайды.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, бірақ осы баптың 7-тармағының ережелері ескеріле отырып, егер тұлға Уағдаласушы Мемлекетте қәсіпорынның атынан әрекет етсе, бұл қәсіпорынның осы тұлға қәсіпорын үшін қолданатын көрсетуінде қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана күтіп-ұстауды:

а) әдетте келісімшарттар жасасса немесе әдетте қәсіпорын тарапынан елеулі өзгерістерсіз жасалатын келісімшарттар жасасуға апаратын басты рөлді атқарса және бұл келісімшарттар:

і) қәсіпорынның атынан; немесе

ii) меншік құқығын беру немесе осы қәсіпорынға тиесілі немесе қәсіпорынның пайдалану құқығы бар мүлікті пайдалану құқығын ұсыну үшін; немесе

iii) осы қәсіпорынның қызмет көрсетуі үшін қолданылса,

егер осындай тұлғаның қызметі тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылғанда да, осы тармақтың ережелеріне сәйкес осы тұрақты қызмет орнын тұрақты өкілдікке айналдырмайтын 4-тармақта аталған қызметпен шектелмесе; немесе

б) әдетте шарттар жасамаса және осындай келісімшарттарды жасасуға апаратын басты рөлді атқармаса, бірақ, әдетте осы Мемлекетте осы тұлға қәсіпорынның атынан тауарларды немесе бұйымдарды тұрақты жеткізетін тауарлар немесе бұйымдар қорын қолдаса, осы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар деп есептеледі.

6. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің сақтандыру қәсіпорны қайта сақтандыру жағдайларын қоспағанда, егер ол екінші Уағдаласушы Мемлекеттің аумағында сақтандыру журналарын жинаса немесе осы баптың 7-тармағы қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агент болып табылмайтын тұлға арқылы ондағы тәуекелдерді сақтандырса, екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар деп есептеледі.

7. 5 және 6-тармақтар, егер Уағдаласуши Мемлекетте басқа Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны атынан әрекет ететін тұлға бірінші аталған Мемлекетте тәуелсіз агент ретінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және кәсіпорынның атынан өзінің әдеттегі қызметі шенберінде әрекет етсе, қолданылмайды. Егер, алайда, тұлға өзара тығыз байланысы бар бір немесе бірнеше кәсіпорынның атынан ғана немесе бірнеше кәсіпорынның атынан дерлік қана әрекет етсе, бұл тұлға кез келген осындай кәсіпорынға қатысты осы тармақтың мәні шегінде тәуелсіз агент ретінде қаралмауға тиіс.

8. Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын (не тұрақты мекеме арқылы не өзгеше түрде) компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болу фактісі өздігінен осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

9. Нақты жобаларды немесе қызмет түрлерін тұрақты мекемеге алып келетін уақыт кезеңін (немесе кезеңдерін) көздейтін осы баптың 3-тармағында айтылған кезең (немесе кезеңдер) артып кеткенін айқындаудың бір ғана мақсаты үшін:

а) егер бір Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласуши Мемлекетте құрылыш алаңын, құрылыш объектісін, монтаждау объектісін немесе осы баптың 3-тармағында көрсетілген басқа да нақты объектіні білдіретін жерде қызметін жүзеге асырса немесе осындай қызметке қатысты осы Конвенцияның ережесі жағдайында осындай орынға байланысты қадағалау немесе консультациялық қызметті жүзеге асырса және бұл қызмет жиынтығында осы баптың 3-тармағында көрсетілген кезеңнен немесе кезеңдерден аспайтын бір немесе бірнеше уақыт кезеңдері ішінде жүзеге асырылса: және

б) егер байланысты әрекеттер осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте (немесе, егер осы баптың 3-тармағы қадағалау немесе консультациялық қызметке қолданылатын болса) сол құрылыш алаңына, құрылыш немесе монтаждау объектісіне немесе осы баптың 3-тармағында көрсетілген басқа орынға байланысты уақыттың әртүрлі кезеңдерінде бірінші аталған кәсіпорынмен тығыз байланысты бір немесе одан да көп кәсіпорын жүзеге асырса,

бұл әртүрлі кезеңдер бірінші аталған кәсіпорын осы құрылыш алаңында, құрылыш немесе монтаждау объектісінде немесе осы баптың 3-тармағында көрсетілген басқа жерде қызметті жүзеге асырған уақыттың жиынтық кезеңіне қосылуға тиіс.

10. Осы баптың мақсаттары үшін, егер барлық тиісті фактілер мен мән-жайларға негізделе отырып, бірі екіншісін бақылайтын болса немесе екеуі де бір тұлғалардың немесе кәсіпорындардың бақылауында болса, тұлға немесе кәсіпорын осы кәсіпорынмен тығыз байланысты болып табылады. Кез келген жағдайда, егер олардың бірі басқасында тиімді қатысадың 50 пайзынан астамын (немесе компания

жағдайында, компания акцияларының жиынтық дауысы мен құнының немесе компаниядағы акциялардың тиімді пакетінің 50 пайзынан астамын) тікелей немесе жанама иеленсе немесе, егер басқа тұлға немесе кәсіпорын тұлғада және кәсіпорында немесе екі кәсіпорында акциялардың тиімді пакетінің 50 пайзынан астамын (немесе компания жағдайында, компания акцияларының жиынтық дауысы мен құнының 50 пайзынан астамын немесе компаниядағы қатысудың тиімді үлесін) тікелей немесе жанама иеленсе тұлға немесе кәсіпорын кәсіпорынмен тығыз байланысты болып есептеледі.

## 6-бап

### Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласуши Мемлекет резидентінің екінші Уағдаласуши Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алатын табысына (ауыл немесе орман шаруашылығынан алынатын табысты қоса алғанда) осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласуши Мемлекеттің заңнамасы бойынша ие болған мәнге ие. Бұл термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл және орман шаруашылықтарында пайдаланылатын мал мен жабдықты, жер меншігіне қатысты заңнама ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералдық шикізат кен орындарын, көздерін және басқа да табиғи ресурстарды игеру құқығын немесе игеру құқығы үшін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе тіркелген төлемдерге құқықтарды қамтиды. Теніз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылады.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған табысқа қолданылады.

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарының ережелері кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынатын табысқа да және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа да қолданылады.

## 7-бап

### Кәсіпкерлік қызметтен түсетін пайда

1. Уағдаласуши Мемлекет кәсіпорнының пайдасына, егер кәсіпорын кәсіпкерлік қызметті екінші Уағдаласуши Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырмаса ғана, тек осы Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын кәсіпкерлік қызметті жоғарыда айтылғандай түрде жүзеге асырса, онда кәсіпорынның пайдасына екінші Уағдаласуши Мемлекетте, бірақ тек қана:

а) осындай тұрақты мекемеге;

b) тұрақты мекеме арқылы өткізілетін тауарлармен немесе бұйымдармен бірдей немесе ұқсас тауарларды немесе бұйымдарды осы екінші Уағдаласуышы Мемлекетте өткізуге; немесе

с) өзінің сипаты жағынан осындай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметке сай келетін немесе ұқсас осы екінші Уағдаласуышы Мемлекетте жүзеге асырылатын басқа кәсіпкерлік қызметке қатысты бөлігінде ғана салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласуышы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласуышы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы сонда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын немесе жүзеге асырған болса, онда әрбір Уағдаласуышы Мемлекетте, егер ол осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда осындай немесе осыған ұқсас қызметпен айналысатын, оқшауланған және жеке кәсіпорын болғанда және өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет еткенде алуы мүмкін пайда осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде, басқару шығыстарын және жалпы әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, шығыстар тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласуышы Мемлекетте немесе басқа жерлерде жұмсалғанына қарамастан, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығыстарды шегеруге жол беріледі. Алайда, егер мұндайлар болса, тұрақты мекеме оның кәсіпорнының бас офисіне немесе оның кез келген басқа оғистеріне роялти, гонорар немесе патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін басқа ұқсас төлемдер түрінде немесе банктерді қоспағанда, тұрақты мекемеге берілген қарыз сомасына пайыздар түрінде (іс жүзіндегі шығыстарды өтеуден өзгеше) төленген сомаларға қатысты шегерімге жол берілмейді. Осылайша, тұрақты мекеменің пайдасы роялти, гонорар және патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін басқа төлемдер түрінде, ерекше қызметтер көрсеткені үшін немесе басқарғаны үшін комиссиялық төлемдер түрінде, немесе, банктерді қоспағанда, кәсіпорынның бас офисіне немесе оның кез келген басқа бөлімшесіне берілген қарыз сомасына пайыздар түрінде кәсіпорынның бас офисінен немесе оның кез келген басқа бөлімшелерінен тұрақты мекеме (шеккен шығыстарды өтеуден өзгеше) алған сомаларды қамтымауға тиіс.

4. Алдыңғы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге жататын пайда, егер мұндай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептер болмаса, жыл сайын бірдей тәсілмен айқындалады.

5. Егер пайда осы Конвенцияның басқа баптарында жеке аталған табыс түрлерін қамтыса, онда сол баптардың ережелері осы баптың ережелерімен қозғалмайды.

## 8-бап

### Халықаралық тасымал және әуе көлігі

1. Халықаралық тасымалда теңіз немесе әуе кемелерін пайдаланудан түскен пайдаға кәсіпорынды тиімді басқару орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Егер кеме қатынасы кәсіпорнының нақты басқару орны кеменің бортында болса, онда ол кеменің үй айлағы орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте не, егер мұндай айлақ болмаса, кеме иесі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің аумағында орналасқан болып есептеледі.

3. 1-тармақтың ережелері пулға, бірлескен кәсіпкерлік қызметке немесе көлік қуралдарын пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымға қатысадан алынатын пайдаға да қолданылады.

## **9-бап**

### **Қауымдастырылған кәсіпорындар**

1. Егер,

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса, немесе

б) бір тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе олардың капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса

және кез келген жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржылық өзара қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе белгіленсе, онда кәсіпорындардың біріне есептелуі ықтимал, бірақ осы жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылуы және оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер Уағдаласушы Мемлекет екінші Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынатын пайдасын осы Уағдаласушы Мемлекет резидентінің пайдасына қосса әрі тиісінше оған салық салса және осылайша қосылған пайда екі кәсіпорынның арасындағы шарттар тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағыдан болғанда бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнына есептелетін пайда болса, онда осы екінші Уағдаласушы Мемлекет осындай пайдадан есептелген салық сомасына тиісті түзету жасайды. Мұндай түзетуді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа да ережелері ескерілуге тиіс және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған кезде бір-біріне консультация беруге тиіс.

## **10-бап**

### **Дивидендер**

1. Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай дивидендтерге резиденті дивидендтер төлейтін компания болып табылатын Уағдаласуши Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы да мүмкін, бірақ егер дивидендтердің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық:

а) егер дивидендтерді төлеу күнін қоса алғандағы 365 күн ішінде (осы кезеңді есептеу мақсаттары үшін акцияларды иеленетін немесе дивидендтерді төлейтін компанияны біріктіру немесе бөліп қайта ұйымдастыру сияқты корпоративтік қайта ұйымдастыру нәтижесінде тікелей туындастырылған меншік иесінің өзгеруі назарға алынбайды) дивидендтер төлейтін компания капиталының кем дегенде 25 пайызын тікелей иеленетін компания (әріптестіктен өзге) іс жүзіндегі иесі болып табылса, дивидендтердің жалпы сомасының 5 пайызынан;

б) қалған барлық жағдайларда дивидендтердің жалпы сомасының 15 пайызынан аспауға тиіс.

Осы тармақтың ережелері дивидендтер төленетін пайдаға қатысты компанияның салық салуын қозғамайды.

3. "Дивидендтер" термині осы бапта пайдаланылған кезде акциялардан, "жуиссанс" акцияларынан немесе "жуиссанс" құқығынан, өндіруші кәсіпорындардың акцияларынан, құрылтайшылардың акцияларынан немесе борыштық талаптар болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын табысты, пайдаға қатысудан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлөтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласуши Мемлекеттің заңнамасына сәйкес акциялардан алынатын табыс сияқты дәл сондай салықтық реттеуге жататын басқа да корпоративтік құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып табылатын екінші Уағдаласуши Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және өзіне қатысты дивидендтер төленетін иелік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға байланысты 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен түсетін пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке көрсетілетін қызметтер) ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласуши Мемлекеттен пайда немесе табыс алатын болса, осы екінші Уағдаласуши Мемлекет мұндай дивидендтердің іс жүзіндегі иесі болып табылатын осы екінші

Уағдаласуши Мемлекеттің резидентіне мұндай дивидендтер төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін иелік осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемемен шын мәнінде байланысты болатын жағдайлардан басқа, компания төлейтін дивидендтерден кез келген салықты алмайды және егер төленетін дивидендтер немесе бөлінбекен пайда толығымен немесе ішінара осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте пайда болған пайдадан немесе табыстан құралса да, компанияның бөлінбекен пайдасына бөлінбекен пайда салығы алынбайды.

6. Осы Конвенцияның кез келген басқа ережесіне қарамастан, егер Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын кәсіпорынның екінші Уағдаласуши Мемлекетте тұрақты өкілдігі болса, 7-баптың (Кәсіпкерлік қызмет) 1-тармағына сәйкес салық салынуға жататын пайдаға осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте оның салық заңнамасына сәйкес қосымша салық салынуы мүмкін, бірақ осылайша алынатын салық осы пайда сомасының 5 пайзызынан аспауға тиіс.

## 11-бап

### Пайыздар

1. Уағдаласуши Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резидентіне төленетін пайыздарға осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай пайыздарға олар пайда болатын Уағдаласуши Мемлекетте және осы Уағдаласуши Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы да мүмкін, бірақ, егер пайыздардың іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық пайыздардың жалпы сомасының 10 пайзызынан аспауға тиіс.

3. "Пайыздар" термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген және борышкердің пайдасына қатысу құқығын беретін немесе бермейтін кез келген түрдегі борыштық талаптардан алынатын табысты және атап айтқанда, мемлекеттік бағалы қағаздардан алынатын табысты және осындай бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша сыйлықақылар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді.

4. Егер бір Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын пайыздардың іс жүзіндегі иесі пайыздар пайда болатын екінші Уағдаласуши Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және өзіне қатысты пайыздар төленетін борыштық талап шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға байланысты 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен түсетін пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке көрсетілетін қызметтер) ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылса, пайыздар Уағдаласуши Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер пайыздарды төлеуші тұлға Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын-табылмайтынына қарамастан, Уағдаласуши Мемлекетте оған байланысты пайыздарды төлеу бойынша міндеттеме пайда болған тұрақты мекемесі болса және тұрақты мекеме осындай пайыздар бойынша шығыстарды көтеретін болса, онда мұндай пайыздар осындай тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласуши Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

6. Егер төлеуші мен іс жүзіндегі иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да бір басқа тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың себебінен оның негізінде төленетін борыштық талапқа қатысты пайыздардың сомасы төлеуші мен олардың іс жүзіндегі иесі арасында осындай қатынастар болмаған кезде келісіле алатындағы сомадан асатын болса, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемдердің асып кеткен бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелері ескеріле отырып, әрбір Уағдаласуши Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуға туіс.

## **12-бап**

### **Роялти**

1. Уағдаласуши Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай роялтиге олар пайда болатын Уағдаласуши Мемлекетте де және осы Уағдаласуши Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер роялтидің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 пайызынан аспауға туіс.

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылған кезде кинематографиялық фильмдер мен фильмдерді немесе радио немесе телевизиялық хабар таратуға арналған таспаларды қоса алғанда, әдебиет, өнер немесе ғылыми туындыларға, кез келген патентке, сауда таңбасына, дизайн немесе модельді, бағдарламалық қамтылым, жоспар, құпия формулаға немесе процеске кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықты пайдаланғаны немесе пайдалану құқығы үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат үшін сыйақы ретінде алынатын төлемдердің кез келген түрін білдіреді. Ол Уағдаласуши Мемлекетте, егер кез келген осындай құқықтарды, мүлікті немесе ақпаратты қолданумен байланысты болса, екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті көрсететін техникалық көмек үшін төлемдерді де қамтиды.

4. Егер Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің іс жүзіндегі иесі роялти пайда болған екінші Уағдаласуши Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы сонда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және өзіне қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға байланысты 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен түсетін пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке көрсетілетін қызметтер) ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласуши Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер роялтиді төлейтін тұлға Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын-табылмайтынына қарамастан, Уағдаласуши Мемлекетте роялти төлеу міндеттемесі пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және мұндай роялтиді осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласуши Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

6. Егер төлеуші мен роялтидің іс жүзіндегі иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да бір басқа тұлғаның арасындағы ерекше қатынастар салдарынан негізге алынып төленетін пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты роялтидің сомасы осындай қатынастар болмаған кезде төлеуші мен роялтидің іс жүзіндегі иесі арасында келісуге болатындағы сомадан асатын болса, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелері тиісті түрде ескеріле отырып, әрбір Уағдаласуши Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс.

### **13-бап**

#### **Мұлік құнының өсімінен алынатын табыстар**

1. Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті 6-бапта (Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс) айқындалған, және екінші Уағдаласуши Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алған табыстарға осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласуши Мемлекеттегі тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан немесе осындай тұрақты мекемені (жеке немесе бүкіл кәсіпорынмен бірге) немесе осындай тұрақты базаны иеліктен шығарудан алынған осындай табыстарды қоса алғанда, тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін екінші Уағдаласуши Мемлекеттегі Уағдаласуши Мемлекет резидентінің иелігіндегі тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүліктен алынған табыстарға осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерін және мұндай теңіз немесе әуе кемелерін пайдаланумен байланысты жылжымалы мүлікті иелікten шығарудан алған табыстарға кәсіпорынның іс жүзіндегі басқару орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті акцияларды немесе серіктестіктегі немесе трасттағы үлестер сияқты салыстырмалы үлестерді иелікten шығарудан алған табыстарға, егер иелікten шығарудың алдындағы 365 күн ішіндегі кез келген уақытта осы акциялар немесе салыстырмалы үлестер өз құнының 50 пайзызынан астамын тікелей немесе жанама түрде екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан 6-бапта (Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс) айқындалғандай жылжымайтын мүліктен алатын болса, осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

5. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті акцияларды немесе серіктестіктегі немесе трасттағы пайыздар сияқты салыстырмалы пайыздарды немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания капиталын білдіретін басқа да құқықтарды тікелей немесе жанама иелікten шығарудан алған табыстарға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

6. Осы баптың алдыңғы тармақтарында айтЫлғаннан өзге кез келген мүлікті иелікten шығарудан алынған табыстарға мүлікті иелікten шығаратын тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

## **14-бап**

### **Тәуелсіз жеке көрсетілетін қызметтер**

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті кәсіптік көрсетілетін қызметтерге немесе тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметке қатысты алған табысқа, екінші Уағдаласушы Мемлекетте де мұндай табысқа салық салынуы мүмкін мынадай мән-жайларды қоспағанда, осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады:

а) егер оның өз қызметінің мақсаттары үшін екінші Уағдаласушы Мемлекетте оған тұрақты қолжетімді тұрақты базасы болса; бұл жағдайда табыстың осы тұрақты базаға жататын бөлігіне ғана осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін; немесе

б) егер ол тиісті салық жылында басталатын немесе аяқталатын қатарымен келетін кез келген 12 айлық кезеңде жиынтығы 183 күннен асатын кезең немесе кезеңдер ішінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте болса; бұл жағдайда осы екінші Мемлекетте оның қызметінен алынған табыстың бөлігіне ғана осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Кәсіптік көрсетілетін қызметтер" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, әртістік, білім беру немесе оқытушылық қызметті, сондай-ақ дәрігерлердің, зангерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің, стоматологтардың және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметін қамтиды.

## **15-бап**

## **Тәуелді жеке көрсетілетін қызметтер**

1. Осы Конвенцияның 16 (Директорлардың гонорарлары), 18 (Зейнетақылар мен аннуитеттер), 19 (Мемлекеттік қызмет), 20 (Студенттер, тағылымдамадан өтушілер немесе бизнес-практиктер), 21 (Профессорлар, оқытушылар мен зерттеушілер) баптарының ережелерін ескере отырып, Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті жалдамалы жұмысқа байланысты алған қызметақыға, жалақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақыға, егер жалдамалы жұмыс екінші Уағдаласуши Мемлекетте орындалмаса, осы Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалдамалы жұмыс осындай жолмен орындалса, осыған байланысты алынған осындай сыйақыға осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, екінші Уағдаласуши Мемлекетте орындалатын жалдамалы жұмысқа байланысты Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті алған сыйақыға, егер:

а) алушы тиісті салық жылы басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы алғанда 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер ішінде осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте болса, және

б) сыйақыны бірінші аталған Мемлекеттің резиденті болып табылатын жалдаушы төлесе немесе жалдаушының атынан төленсе, және

с) сыйақыны тұрақты мекеме немесе жалдаушының екінші Уағдаласуши Мемлекетте бар тұрақты базасы төлемесе, бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында орындалатын жалдамалы жұмысқа қатысты алынған сыйақыға кәсіпорынды іс жүзіндегі басқару орны орналасқан Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынуға тиіс.

## **16-бап**

### **Директорлардың гонорарлары**

Екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің немесе соған ұқсас органның мүшесі ретінде Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті алған директорлардың гонорарларына және басқа да осыған ұқсас төлемдерге осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

## **17-бап**

### **Әртістер мен спортшылар**

1. Осы Конвенцияның 14 (Тәуелсіз жеке көрсетілетін қызметтер) және 15 (Тәуелді жеке көрсетілетін қызметтер) баптарының ережесіне қарамастан, Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе телевизия әртісі немесе музикант сияқты өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде екінші Уағдаласуши Мемлекетте жүзеге асыратын оның әртіс немесе спортшы ретіндегі беделіне

байланысты өзінің жеке қызметінен алған табысына осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының осындай сипатта жүзеге асыратын жеке қызметіне қатысты түскен табысы әртістің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаға есептелсе, бұл табысқа осы Конвенцияның 7 (Кәсіпкерлік қызметтен түсетін пайда), 14 (Тәуелсіз жеке көрсетілетін қызметтер) және 15 (Тәуелді жеке көрсетілетін қызметтер) баптарының ережелеріне қарамастан, өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының осы екінші Уағдаласуши Мемлекетке сапарын Уағдаласуши Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де қоғамдық қорлары немесе олардың әкімшілік бөлімшелері, орталық немесе жергілікті билік органдары толығымен немесе негізінен қолдайтын болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері оның екінші Уағдаласуши Мемлекетте жүзеге асыратын қызметінен алынған табысына қолданылмайды. Мұндай жағдайда табысқа өнер қызметкери немесе спортшы резиденті болып табылатын Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады.

## 18-бап

### Зейнетақылар мен аннуитеттер

1. 19-баптың (Мемлекеттік қызмет) 2-тармағының ережелерін ескере отырып, Уағдаласуши Мемлекеттің резидентіне бұрын жүзеге асырылған жұмысы үшін төленетін зейнетақыларға және басқа да осыған ұқсас төлемдерге немесе осындай резидентке төленетін кез келген аннуитетке осы Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады.

2. "Аннуитеттер" термині жеке тұлғаға белгіленген мерзімде оның өмір бойына кезең-кезеңмен төленетін немесе белгілі бір немесе белгіленген уақыт кезеңі ішінде осындай төлемдерді ақшалай нысанда немесе ақшалай баламада барабар және толық өтеу орнына жүзеге асыру міндеттемесіне сәйкес белгіленген соманы білдіреді.

## 19-бап

### Мемлекеттік қызмет

1. а) Уағдаласуши Мемлекет немесе оның саяси, немесе әкімшілік бөлімшелері немесе жергілікті билік органдары жеке тұлғаға осы Уағдаласуши Мемлекет немесе оның саяси, немесе әкімшілік бөлімшелері немесе жергілікті билік органдары үшін жүзеге асыратын қызметі үшін төлейтін қызметақыға, жалақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақыға осы Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады:

б) Алайда, мұндай қызметақыға, жалақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақыға, егер қызмет осы Уағдаласуши Мемлекетте жүзеге асырылса және осы Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға:

(i) осындай Уағдаласуши Мемлекеттің азаматы болып табылса;

(ii) қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осы Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болмаса, екінші Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады.

2. а) Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, осы Уағдаласуши Мемлекет, саяси, әкімшілік бөлімше немесе жергілікті билік құраған қаражаттан жеке тұлғаға осы Уағдаласуши Мемлекетке, саяси, әкімшілік бөлімшеге немесе жергілікті билік органдарына көрсеткен қызметтері үшін төленетін зейнетақыларға және басқа да үқсас сыйақыларға осы Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда, мұндай зейнетақыға және басқа да үқсас сыйақыларға, егер жеке тұлға осы Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті және азаматы болып табылса, екінші Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы Конвенцияның 15 (Тәуелді жеке көрсетілетін қызметтер), 16 (Директорлардың гонорарлары), 17 (Әртістер мен спортшылар) және 18 (Зейнетақылар мен аннуитеттер) баптарының ережелері Уағдаласуши Мемлекет немесе саяси, әкімшілік бөлімшелер немесе жергілікті билік органдары жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке байланысты қызметке қатысты қызметақыларға, жалақыға және басқа да үқсас сыйақылар мен зейнетақыларға қолданылады.

## **20-бап**

### **Студенттер, тағылымдамадан өтушілер немесе бизнес-практиктер**

1. Уағдаласуши Мемлекетке тікелей барап алдында екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болған және бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекетте тек өзінің білім алу немесе оқу мақсаттары үшін ғана болатын студент, тағылымдамадан өтуші немесе бизнес-практик өзінің күн көрісі, білім алуы немесе окуы мақсатында алатын төлемдерге, мұндай төлемдер осы Уағдаласуши Мемлекеттен тыс жердегі көздерден жүргізілген жағдайда, осы Уағдаласуши Мемлекетте салық салынбайды.

2. 15-баптың (Тәуелді жеке көрсетілетін қызметтер) ережелеріне қарамастан, Уағдаласуши Мемлекетке тікелей барап алдында екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болған және өзінің тек білім алуы немесе кәсіби даярлықтан өтуі мақсаттары үшін бірінші аталған Мемлекетте жүрген студент, тағылымдамадан өтуші немесе бизнес-практик, осы бірінші аталған Мемлекетте көрсетілген тәуелді жеке көрсетілетін қызметтер үшін алатын сыйақыға, мұндай көрсетілетін қызметтер оның білім алуына немесе оқуына тікелей байланысты немесе осы көрсетілетін қызметтер үшін сыйақы оның күн көрісіне арналған ресурстарды толықтыру үшін қажет болған жағдайда, осы Мемлекетте салық салынбайды. Алайда, кез келген жағдайда, бұл тармақтың артықшылықтары бірінші аталған Мемлекетке алғаш келген күнінен бастап қатарынан екі жылдан астам кезең ішінде берілмейді.

## **21-бап**

### **Профессорлар, оқытушылар мен зерттеушілер**

1. Екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе Уағдаласуши Мемлекетке тікелей баар алдында резиденті болған және бірінші аталған Мемлекетте бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекеттің Үкіметі аккредиттеген Уағдаласуши Мемлекеттің білім беру ұйымдарында немесе ғылыми-зерттеу институттарында оқыту, дәріс оқу немесе зерттеулер жүргізу негізгі мақсатымен жүрген жеке тұлға осындай оқыту, дәріс оқу немесе зерттеулер жүргізу үшін алатын сыйақыға бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекетке оның алғаш келген қунінен бастап екі жыл бойы бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекетте салық салудан босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері зерттеулерге байланысты алынған сыйақыға, егер мұндай зерттеу қоғамдық мұдде үшін емес, бірінші кезекте белгілі бір тұлғаның немесе тұлғалардың жеке пайдасы үшін жүргізілсе, қолданылмайды.

## **22-бап**

### **Өзге де табыстар**

1. Уағдаласуши Мемлекет резидентінің осы Конвенцияның алдыңғы баптарында қарастырылмаған табыс түрлеріне олар қайdan пайда болса да осы Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады.

2. 6-баптың 2-тармағында (Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс) айқындалғандай жылжымайтын мүліктен түсетін табыстан басқа табыстарға, егер мұндай табысты алушы Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті бола тұра, екінші Уағдаласуши Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе оларға қатысты табыс төленетін құқық немесе мүлік іс жүзінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базага байланысты болса, 1-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға байланысты осы Конвенцияның 7-бабының (Кәсіпкерлік қызметтен түсетін пайда) немесе 14-бабының (Тәуелсіз жеке көрсетілетін қызметтер) ережелері қолданылады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, бір Уағдаласуши Мемлекет резидентінің осы Конвенцияның алдыңғы баптарында айтылмаған және екінші Уағдаласуши Мемлекеттен шығатын табыс түрлеріне де осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

## **23-бап**

### **Қосарланған салық салуды жою**

1. Егер Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін табыс алса, бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекет осы резиденттің табыс салығынан шегерім ретінде осы екінші Уағдаласуши Мемлекетке төленген табыс салығына тең сомаға рұқсат береді. Мұндай шегерім, алайда, осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін табысқа жататын шегерім берілгенге дейін есептелетін табыс салығының сол бөлігінен аспауға тиіс.

2. Егер осы Конвенцияның қандай да бір ережесіне сәйкес Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті алған табыс, осы Уағдаласуши Мемлекетте салықтан босатылған болса, осындай Уағдаласуши Мемлекет, дегенмен, мұндай резиденттің табысының қалған бөлігіне салынатын салық сомасын есептеу кезінде босатылған табысты ескере алады.

## 24-бап

### Кемсітпеу

1. Уағдаласуши Мемлекеттің ұлттық тұлғалары екінші Уағдаласуши Мемлекетте, дәл осындай мән-жайларда, осы екінші Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзге немесе ауыртпалығы неғұрлым басым кез келген салық салуға немесе онымен байланысты кез келген міндеттемеге ұшырамайды. Осы ереже осы Конвенцияның 1-бабының (Конвенция қолданылатын тұлғалар) ережелеріне қарамастан, Уағдаласуши Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденті болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Бір Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласуши Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу осы екінші Уағдаласуши Мемлекеттің осыған ұқсас қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындарына салық салуға қарағанда осы екінші Уағдаласуши Мемлекеттегіден қолайсыз болмауы тиіс. Осы ереже Уағдаласуши Мемлекетті екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденттеріне салық салу мақсаттары үшін олардың азаматтық мәртебесіне немесе отбасылық міндеттеріне байланысты ол өзінің резиденттеріне беретін кез келген жеке жәрдемақылар, жеңілдіктер мен жеңілдетулер беруге міндеттейтіндей болып түсіндірілмеуге тиіс.

3. Осы Конвенцияның 9-бабы (Қауымдастырылған кәсіпорындар) 1-тармағының, 11-бабы (Пайыздар) 6-тармағының немесе 12-бабы (Роялти) 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резидентіне төлейтін пайыздар, роялти және басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсаттары үшін олар бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекеттің резидентіне төленгендей сол шарттармен шегерілуге тиіс. Сол сияқты, бір Уағдаласуши Мемлекет кәсіпорнының екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті алдындағы кез келген борыштары осындай кәсіпорынның салық салынатын капиталын айқындау мақсаттары үшін олар бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекеттің резидентімен жасалғандай сол шарттармен шегерілуге тиіс.

4. Капиталы екінші Уағдаласуши Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне толық немесе ішінана тиесілі болатын немесе олар тікелей немесе жанама түрде бақылайтын Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекеттің басқа да ұқсас кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және онымен байланысты талаптарға қарағанда басқаша немесе ауыртпалығы

неғұрлым басым болып табылатын қандай да бір салық салуға немесе онымен байланысты қандай да бір талаптарға бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамауға тиіс.

5. Осы бапта "салық салу" термині осы Конвенцияның нысанасы болып табылатын салықтарды білдіреді.

## 25-бап

### Өзара келісу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де әрекеттері өзіне осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеледі немесе әкелуі мүмкін деп санаса, онда бұл тұлға осы Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңнамасында көзделген қорғану құралдарына қарамастан істі Уағдаласушы Мемлекеттердің кез келгенінің құзыретті органына табыс ете алады. Өтініш осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкелетін әрекеттер туралы бірінші хабарлама берілген кезден бастап үш жыл ішінде табыс етілуге тиіс.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органды, егер ол өтінішті негізді деп есептесе және егер өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, осы Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болғызыбау мақсатында, істі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдымен өзара келісу бойынша шешуге ұмтылатын болады. Кез келген қол жеткізілген келісім Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасында көзделген уақыт бойынша кез келген шектеулерге қарамастан орындалатын болады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияны түсіндіру немесе қолдану кезінде туындаитын кез келген қындықтарды немесе күмәнді өзара келісу бойынша шешуге ұмтылады. Олар, сондай-ақ осы Конвенцияда көзделмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою мақсатында бір-бірімен консультация алысусы мүмкін.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияны қолдану және алдыңғы тармақтарды түсінуде олардың өздерінен немесе олардың өкілдерінен тұратын кездесулерді қоса алғанда, келісімге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады.

## 26-бап

### Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары Уағдаласушы Мемлекеттердің немесе олардың саяси, әкімшілік, орталық немесе жергілікті билік органдарының атынан салық салу осы Конвенцияға қайшы келмейтіндей шамада алынатын кез келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қатысты осы Конвенцияның ережелеріне немесе ұлттық заңнамаларды басқаруға немесе олардың сақталуын қамтамасыз етуге сай келетін ақпаратпен алмасады. Ақпарат алмасу осы Конвенцияның 1 (Конвенция қолданылатын тұлғалар) және 2 (Конвенция қолданылатын салықтар) баптарымен шектелмейді.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес Уағдаласуши Мемлекет алған кез келген ақпарат осы Уағдаласуши Мемлекеттің ұлттық заңнамасы шеңберінде алынған ақпарат сияқты құпия болып саналады және осы баптың 1-тармағында көрсетілген салықтарға қатысты бағалаумен немесе мәжбүрлеп өндіріп алумен немесе орындаумен немесе апелляцияларды қарауға қатысты сот қудалауымен немесе жоғарыда көрсетілгендердің барлығын қадағалаумен байланысты тұлғаларға немесе органдарға (сottарды және әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана ашылуға тиіс. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осында мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар ақпаратты ашық сот отырысы барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде ашуы мүмкін.

3. Ешбір жағдайда осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері Уағдаласуши Мемлекетке:

а) осы немесе екінші Уағдаласуши Мемлекеттің ұлттық заңнамасы мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларды қолдану;

б) осы немесе екінші Уағдаласуши Мемлекеттің ұлттық заңнамасы немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпаратты беру;

с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпаратты немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (қофамдық практикаға) қайшы келуі мүмкін ақпаратты беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада түсіндірілмеуге тиіс.

4. Егер ақпаратты бір Уағдаласуши Мемлекет осы бапқа сәйкес сұраса, егер мұндай ақпарат тіпті екінші Мемлекетке өзінің жеке салықтық мақсаттары үшін қажет болмаса да, екінші Уағдаласуши Мемлекет сұралған ақпаратты алу үшін ақпаратты жинау жөніндегі өзінің іс-шараларын пайдалануға тиіс. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттеме осы баптың 3-тармағының ережелерімен шектелген, бірақ ешбір жағдайда мұндай шектеулерді Уағдаласуши Мемлекетке оған ішкі мұдделіліктің болмауы себебінен ғана ақпарат беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде түсіндіруге болмайды.

5. Осы баптың 3-тармағының ережелері банк, басқа қаржы мекемесі, номинал ұстаушы немесе агент немесе сенім білдірілген өкіл ретінде әрекет ететін тұлға ақпарат иесі болып табылатындығы себебінен немесе ақпарат меншік иесі ретіндегі тұлғаның мұдделеріне қатысты болу себебінен ғана Уағдаласуши Мемлекетке ақпаратты беруден бас тартуға рұқсат беретін ретінде түсіндірілмейді.

## 27-бап

### Женілдіктерді шектеу

1. Осы Конвенцияның ережелері ешбір жағдайда Уағдаласуши Мемлекетке сипатталған немесе сипатталмағанына қарамастан өзінің ұлттық заңнамасының ережелерін және салық төлеуді болдырмауға немесе одан жалтаруға қарсы шараларды қолдануға тыйым салмайды.

2. Осы Конвенцияның кез келген ережелеріне қарамастан, осы Конвенцияға сәйкес женілдік, егер барлық тиісті фактілер мен мән-жайларды ескере отырып, осы

женілдіктерді алу осы жеңілдіктерге тікелей немесе жанама түрде әкелген кез келген уағдаластықтың немесе операцияның негізгі мақсаттарының бірі болды деген тұжырым жасау орынды болса, егер осы жағдайларда осы жеңілдіктерді беру осы Конвенцияның тиісті ережелерінің объектісі мен мақсатына сәйкес келетіні анықталмаса, табыс элементіне қатысты берілмейді.

## **28-бап**

### **Дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің қызметкерлері**

Осы Конвенцияда ештең де халықаралық құқықтың жалпы нормаларына немесе арнайы келісімдердің ережелеріне сәйкес дипломатиялық өкілдіктер немесе консулдық мекемелер қызметкерлерінің салықтық артықшылықтарын қозғамайды.

## **29-бап**

### **Күшіне енуі**

1. Уағдаласуши Мемлекеттер осы Конвенцияның күшіне енуі үшін құқықтық рәсімдерді орындағаны туралы дипломатиялық арналар бойынша бір-бірін жазбаша нысанда хабардар етеді.

2. Конвенция 1-тармақта көрсетілген соңғы хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді және оның ережелері Уағдаласуши Мемлекеттердің екеуінде де:

а) Конвенция күшіне енетін жылдан кейінгі күнтізбелік жылдағы қаңтардың бірінші немесе одан кейінгі күні алынған табыс көзінен ұсталатын салықтарға қатысты;

б) табысқа салынатын басқа да салықтарға қатысты, Конвенция күшіне енетін жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе бірінші күнінен кейін басталатын кез келген қаржы жылы үшін алынатын салықтарға қатысты қолданылады.

## **30-бап**

### **Қолданылуын тоқтату**

Осы Конвенция Уағдаласуши Мемлекет оның қолданылуын тоқтатқанға дейін күшінде қала береді. Әрбір Уағдаласуши Мемлекет оның ережелері қолданыла бастаған күннен бастап бес жылдық кезең өткеннен кейінгі кез келген күнтізбелік жылдың аяқталуына дейін кемінде алты ай қалғанда қолданылуын тоқтату туралы дипломатиялық арналар бойынша жазбаша хабардар ете отырып, Конвенцияның қолданылуын тоқтата алады. Мұндай жағдайда Конвенция екі Уағдаласуши Мемлекетте де:

а) хабарлама берілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін алынған табыс көзінен ұсталатын салықтарға қатысты;

б) табысқа салынатын басқа да салықтарға хабарлама берілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын кез келген қаржы жылында алынатын салықтарға қатысты өзінің қолданылуын тоқтатады.

Осыны куәландыру үшін тиісінше уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қаласында қазақ, араб, орыс және ағылшын тілдерінде екі төлнүсқа данада жасалды, әрі барлық төрт мәтіннің күші бірдей. Түсіндіруде сәйкесіздік болған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтін басым болып табылады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Мысыр Араб  
Республикасының Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК